

Кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеуге шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА



2026 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындылары

Негізгі үрдістер



- 2026 жылдың қаңтар — маусым айларының қорытындысы бойынша, кәсіпкерліктің қарызға деген сұранысы соңғы 5 жылда алғаш рет платоға шықты: несиелік өтінімдердің саны бір жыл бұрынғы 11,4%-бен салыстырғанда, жылдық есепте небәрі 1,2%-ға ғана артты.
- Ірі бизнес тарапынан баяулау байқалды, мұнда өтінімдердің өсімі 21,2%-дан 8,7%-ға дейін төмендеді, ал шағын бизнесте бұл көрсеткіш 11,7%-дан 1,2%-ға дейін азайды. Керісінше, орта бизнес тарапынан сұраныс қалпына келді: бір жыл бұрын 28,6%-ға төмендегеннен кейін, өтінімдер саны 4,1%-ға өсті.
- Сұраныс құрылымында компаниялардың негізгі қажеттілігі бұрынғыдай айналым қаражатын толықтырумен байланысты, ал инвестициялық сұранысты негізінен жекелеген ірі қарыз алушылар қалыптастырады.
- Өтінімдер ағыны тұрақтанған сайын, олардың нақты несиелеуге конверсиясы артты. Мақұлдау үлесі орта есеппен 41,0%-дан 44,1%-ға дейін өсті, бұл ретте жақсару барлық сегменттерде байқалды: ірі бизнесте — 56,3%-дан 60,5%-ға дейін, орта бизнесте — 33,8%-дан 38,0%-ға дейін, шағын бизнесте — 32,8%-дан 33,6%-ға дейін. Бұл кіріс сұраныстың сапалырақ құрылымымен, банктердің қаржылық тұрақты қарыз алушыларға ден қоюымен, сондай-ақ скорингтік модельдер мен өтінімдерді қарау рәсімдерін жетілдірумен байланысты болуы мүмкін.
- Нәтижесінде өтінімдер саны шамалы ғана өскенімен, бизнеске берілген жаңа несиелердің көлемі бір жыл бұрынғы 79,4 трлн-нан 111,4 трлн-ға дейін, яғни жылдық есепте 20,7%-ға ұлғайды. Осы жағдай аясында экономика субъектілеріне берілген барлық жаңа қарыздардың ішіндегі бизнес-несиелеудің үлесі бір жыл бұрынғы 50,3%-дық көрсеткіштен 55,9%-ға дейін өсті.
- Осылайша, корпоративті несиелендірудің ағымдағы динамикасы әлеуетті қарыз алушылар санының ұлғаюымен емес, сұраныстың жоғарырақ конверсиясымен және мақұлданған жобаларды қаржыландыру көлемінің артуымен қамтамасыз етіліп отыр.

- Бизнестің неғұрлым ірі сегменттерінде өтінімдердің орташа мөлшері айтарлықтай өсті. Атап айтқанда, ірі кәсіпорындарда — 115,1 млрд-қа дейін (+24,2%) және орта кәсіпорындарда — 7915 млн-ға дейін (+8,1%), бұл өтінімдер санының аз ғана ұлғаюы кезінде несие беру көрсеткішінің екі таңбалы өсімін ішінара түсіндіреді.
- Шағын бизнесті қаржыландыру 21,2%-ға өсіп, 14,6 трлн-ға жетті, орта бизнестікі — 56,2%-ға өсіп, 11,9 трлн-ды құрады, ал ірі бизнестікі — 10,5%-ға көбейіп, 14,9 трлн-ға жетті.
- Осы жағдай аясында орта бизнестің рөлі анағұрлым байқаларлықтай күшейді (жиынтық несие беру көлеміндегі үлесі 12,8%-дан 16,6%-ға дейін өсті), ал ірі бизнестің үлесі 46,7%-дан 42,8%-ға дейін төмендеді. Бұл корпоративтік несиелеудің ең ірі қарыз алушылар шеңберінен тыс кеңейе түскенін көрсетеді.
- Несиелеудің кеңеюі қарыз қаражатының жоғары құны сақталған жағдайда жүзеге асырылды. Кәсіпкерлерге берілген жаңа несиелер бойынша орташа өлшенген мөлшерлеме бірінші жартыжылдықта орта есеппен бір жыл бұрынғы 21%-ға қарсы 22% деңгейінде болды.
- Жартыжылдықтың соңына қарай баға шарттарының жақсару динамикасы байқала бастады (төменнен қараңыз), ол екінші жартыжылдықта базалық мөлшерлеменің төмендеуі ықпалымен жалғасуы мүмкін.
- Корпоративті портфель бойынша мерзімі өткен берешек деңгейі 2025 жылдың соңындағы 2,4%-дан бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 3,0%-ға дейін өсті, бұл негізінен шағын бизнестегі көрсеткіштің 3,4%-дан 4,5%-ға дейін өсуіне байланысты болды. Бұл жағдай олардың қарызды қаржыландыру құнына жоғары сезімталдығымен және қаржы-шаруашылық көрсеткіштерінің әлсіреуімен байланысты болуы мүмкін (1 тоқсанда шағын кәсіпорындардың өткізуден түскен кірістері жылдық есепте 12,3%-ға, ал жалпы пайдасы 12,0%-ға төмендеді).
- 2026 жылдың 3-тоқсанында корпоративтік несиелеу ірі бизнестің тарапынан күтілетін сұраныстың артуы (берілген несиелердің 43%-ы), баға шарттарының жақсаруы және инфрақұрылымдық жобалардың жалғасуы есебінен екі таңбалы өсім қарқынын сақтап қалуы ықтимал.

Кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру серпіні*



Кәсіпкерлердің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелер*




* Дереккөз: ҚРҰБ
*банк секторы-ЕДБ + ҚДБ *


© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Несиеге өтінімдердің өзгеру динамикасы және өтінімдер бойынша мақұлдау пайызы

Кредиттерге өтінімдерді өзгерту т/т




Кредиттерге өтінімдер бойынша мақұлдау үлесі




Қарыздарды тарту мақсаттары және бизнестің ұзақ мерзімді кредиттерінің үлесі*

Қарыз тарту мақсаттары, млрд теңге




Берудегі ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі (1 жылдан астам)




Ірі нарық қатысушыларының портфельдер өсуінің динамикасы және мерзімі өткен берешек деңгейі*

Ірі нарық қатысушыларының портфельдер өсуінің динамикасы



Мерзімі өткен берешек деңгейі




* Дереккөз: ҚРҰБ, Халық Банк, БЦҚ, Банк РБК, ForteBank

© Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығы, 2026

Қарыздың орташа мөлшері және қарыз алушылардың қарыз сомасы бойынша бөлінісі*



* Дереккөз: БКБ



© Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығы, 2026

Резюме

2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша бизнеске берілген жаңа несиелердің көлемі өтімдер санының өзгеріссіз қалғанына (+1,2%) қарамастан, жоғары екі таңбалы өсімді (+20,7%) сақтап қалды. Мұндай динамика өтімдердің нақты несиелендіруге айналу конверсиясының жақсаруымен және орта және ірі бизнесте сұратылатын қаржыландырудың орташа мөлшерінің артуымен қатар жүрді.

Сонымен қатар, несие берудің өсуі ең ірі қарыз алушыларға шоғырлануын бәсеңдетті. Орта бизнестің жаңа несиелердегі үлесі 12,8%-дан 16,6%-ға дейін өсіп, оны қаржыландыру айтарлықтай артты, ал ірі бизнестің үлесі 46,7%-дан 42,8%-ға дейін төмендеді. Нәтижесінде, жаңа банк қаржыландыруының кәсіпкерлік санаттары арасындағы бөлінісі барынша теңгерімді бола түсті.

Корпоративті несие портфелі жыл басынан бері 5,4%-ға өсті. Қаржыландырудың айтарлықтай бөлігі әдеттегідей айналым қаражатын толықтыруға бағытталады, ал орта және ірі бизнесте қысқа мерзімді қарыздар басым. Бұл несиелердің жоғары айналымдылығын қамтамасыз етеді, бірақ олардың портфельдің кеңеюіне және бизнесті ұзақ мерзімді қаржыландыруға қосатын үлесін шектейді.

Жартыжылдықтың соңына қарай мөлшерлемелердің төмендей бастағанының алғашқы белгілеріне қарамастан, баға шарттары, әсіресе шағын бизнес үшін қатаң күйінде қалып отыр. Дәл осы сегмент қаржы-шаруашылық көрсеткіштерінің әлсіреуі аясында төлем тәртібінің біршама нашарлағанын көрсетіп отыр. Бұл ретте орта және ірі бизнес портфелінің сапасы орнықтырақ болып қала береді.

Екінші жартыжылдықта корпоративтік несиелеу банктердің несиелік бөлсенділігінің негізгі драйвері болып қалуы ықтимал. Ірі бизнестің тұрақты жобалық сұранысы, орта сегмент рөлінің артуы және ақша-несие жағдайларының жұмсаруына қарай несиелеу құнының біртіндеп төмендеуі қолдау көрсете алады. Сонымен қатар, өтімдер өсімінің шектеулі болуы және шағын бизнестің төлем тәртібінің нашарлауы нарықтың тек қарыз алушылар санын кеңейту есебінен ғана жеделдеу мүмкіндігін шектейтін болады.